

Приозерск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі N 5/38 "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының XVII сессиясының 2013 жылғы 12 наурыздағы N 17/125 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 12 сәуірде N 2304 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі N 5/38 "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-4-278 болып тіркелген, 2012 жылғы 11 мамырдағы N 18 (251) "Приозерский вестник" газетінде жарияланған), келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) жоғарыда көрсетілген шешімнің тақырыбында "Приозерск қаласы тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін" сөздері "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Ережесін" сөздерімен ауыстырылсын, көрсетілген шешіммен бекітілген Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінің (бұдан әрі - Ереже) тақырыбында және барлық мәтін бойынша "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі" және "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесіне" деген сөздер "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Ереже" және "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Ережеге" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) көрсетілген шешімнің 1-тармағында "Приозерск қаласы тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі" сөздері "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Ереже" сөздерімен ауыстырылсын;

3) Ереженің 1 тармағының 4)-тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"4) коммуналдық қызметтер - тұрғын үйде (тұрғын ғимаратта) көрсетілетін және сумен жабдықтауды, кәрізді, газбен жабдықтауды, электрмен жабдықтауды, жылумен жабдықтауды, қоқысты әкету мен лифт қызметін көрсетуді қамтитын қызметтер;"

4) Ереженің 2-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға): жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға; тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына; жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге; жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге беріледі.";

5) Ереженің 3-тармағы келесі редакцияда мазмұндалсын:

"3. Тұрғын үй көмегі Приозерск қаласында тұрақты тұратын, осы тұрғын үйде тіркелген отбасыларға (азаматтарға), егер тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуға, телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметіне, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілетін тұрғын үй ауданы нормасының шегінде, бірақ нақты пайдаланатын жалпы ауданнан, және тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну, байланыс қызметтері, сондай-ақ тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге шығындар нормативтерінен көп емес, осы мақсаттарға шекті-жол берілетін шығыстар үлесінен а с а т ы н б о л с а б е р і л е д і .

Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуды, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын, сондай-ақ телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтерін төлеуге шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының жиынтық табысына 8 пайызы м ө л ш е р і н д е б е л г і л е н е д і . "

6) Ереженің 14-тармағындағы "1 жыл мерзімге" деген сөздер "6 ай мерзімге" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7) Ереженің 18-тармағы келесі мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнының түбіртек-шоты;"

8) Ереженің 21-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"21. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (К е ң е с о в Ж .) .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы

Г. Мондыбаева

Маслихат хатшысы

Б. Сәрсембеков